

№ 11 дәріс	11-дәріс тақырыбы: Химияны мектеп пен арнаулы орта оқу орнында оқыту процесінің ерекшеліктері. Химияны жалпы білім беретін мектеп пен арнаулы орта оқу орнында оқыту сатылары, кезеңдері мен компоненттері. <i>Жоспары:</i> 11.1. Химияны оқыту әдістері, олардың критерийлері мен белгілері. 11.2. Химияны оқыту тәсілі туралы түсінік. 11.3. Оқыту тәсілдерінің эволюциясы. 11.4. Оқыту тәсілдерін жіктеу. 11.5. Оқыту құралдары, олардың түрлері. <i>Тезистері:</i> 11.1. Химияны оқыту әдістері, олардың критерийлері мен белгілері. Химияны мектеп пен арнаулы орта оқу орнында оқыту процесінің ерекшеліктері. Химияны жалпы білім беретін мектеп пен арнаулы орта оқу орнында оқыту сатылары, кезеңдері мен компоненттері. Химияны оқыту әдістері, олардың критерийлері мен белгілері. Оқыту әдістерінің жіктелісі мен оларды химияны оқытуда білім беру мақсаты мен мазмұнына сай қолдану мүмкіндіктері. Теориялық және эмпирикалық (практикалық) әдістер. Жалпы- және жекеғылыми әдістерді химияны оқыту барысында қолдану. Химияны оқыту кезінде әдістер мен әдістемелік амалдарды таңдау заңдылықтары. Мектеп химиясы бойынша оқу-тәрбие процесінде оқыту әдістерінің дамуы. 11.2. Химияны оқыту тәсілі туралы түсінік. «Оқыту тәсілі» ұғымы. Оқыту тәсілдерінің оқыту әдістерімен тығыз байланысынан, бұл педагогикалық категорияға қатысты көзқарастардың әр алуандылығы. Химияны оқыту әдістемесіндегі оқыту тәсілдерінің ерекшеліктері. Оқыту тәсілдеріне И.Н.Нұғыманов, Е.Н.Кузнецова, Г.И.Шаповаленко т.б. әдіскер ғалымдардың берген анықтамалары. Оқыту тәсілдерінің белгілі бір оқыту әдістері «аясында» практика жүзінде қалай қолданылатынын нақты мысалдар арқылы көрсету (мысалы, 8-сыныптағы «Химия» пәнінде мұғалімдердің зат құрылысындағы деңгейлердің орналасуын әртүрлі тәсілдермен түсіндіруі т.б.). Оқыту әдістері мен оқыту тәсілдерінің аражігін бөліп ала білудің болашақ химия мұғалімі үшін маңызы. 11.3. Оқыту тәсілдерінің эволюциясы. Оқыту тәсілдерінің адам қызметінің дамыған сайын алуан түрлі бола бастауы, олардың нәтижелілігінің арта түсуі. Оқыту тәсілдері (ОТ) эволюциясының кезеңдері: стихиялық ОТ → педагогтік ОТ (тәлімгерлік → әдістемелік ОТ → ішінара технологиялық ОТ) → технологиялық ОТ. Химияны оқыту әдістемесінде педагогикадағы оқыту тәсілдеріне қатысты жетістіктердің пайдаланылуы. Педагогикалық оқыту тәсілдерінің бір түрі – әдістемелік оқыту тәсілдерінің XV ғ-дан бастап Я.А. Коменский бастауымен таралуы. XVIII–XIX ғғ-дағы ғылым мен техниканың дамуы жағдайындағы оқыту тәсілдерінің байып, күрделенуі. Ішінара технологиялық оқыту тәсілдерінің әдістеме (химияны оқыту әдістемесі) саласындағы жетістіктері мен тиімділігі жоғары оқыту құралдарының пайда болуына байланысты шығуы. Технологиялық оқыту тәсілдерінің бұрынғы,
-----------------------	---

дәстүрлі амалдардан түпкілікті ерекшелігі, оларды қолдану барысындағы мұғалімнің де, оқушының қызметінің сапалы өзгеруі.

11.4. Оқыту тәсілдерін жіктеу.

Оқыту тәсілдерін (химияны оқыту әдістерін) жіктеудің әртүрлі критерийлері. Н.Е.Кузнецова ажыратқан оқыту тәсілдерінің түрлері: логикалық (проблеманы қою, белгілерді анықтау, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу, қорытынды шығару және жинақтау), ұйымдастырушылық (жұмыс жоспарын ұсыну, оқушылар назарын демонстрация, т.б. арқылы аудару, жоспар бойынша жұмыс жасау, бақылау, нұсқауға сәйкес тапсырманы орындау), техникалық (орын дайындау, объект дайындау, құрал-жабдықпен жұмыс жасау). О.С.Зайцев бастаған әдіскерлер ұсынған оқыту тәсілдерінің жіктелісі: затқа байланысты демонстрациялау, кестелерді пайдалану, сызбанұсқа-диаграммаларды сызу, нақпіншіңдер, модельдерді пайдалану. Білім берудегі соңғы үрдістерді ескере отырып ажыратылатын оқыту тәсілдерінің түрлері: оқушының танымдық қызығушылығын арттыру, еңбек ету мәдениетін тәрбиелеу, т.с.с.

11.5. Оқыту құралдары, олардың түрлері.

Оқытудың немесе оқу қызметінің құралдары. «Оқушылар–оқыту құралдары–оқудағы ақпарат». Оқыту құралдарын оқу процесіне (химияны оқытуға) енгізу жолдары: 1) мұғалімнің оларды «таза күйінде» қолдануы, 2) сабақ үстінде белгілі бір теориялық тапсырманы шешу барысында оларды оқушылармен бірге құрастыру. Оқыту құралдарын әзірлеу, құрастырып барып қолданудағы әдіскерлердің үш позициясы: 1-позиция – оқыту құралдары – бұл көрнекіліктер мен бақылау құралдары, олар қолайлы, алайда оларсыз да оқуға болады; 2-позиция – оқыту құралдары – оқудағы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін басты, жалғыз жол. Қалған компоненттер оқыту құралдарына сәйкес болып, олардың ерекшелігінен туындауы керек; 3-позиция – оқыту құралдары мұғалім мен оқушы қарым-қатынастарының жүйесінде қарастырылуы керек. Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, И.П. Калошина сияқты алғыңғы қатарлы ұстаздардың тәжірибесі мен эксперименттік зерттеулері. Энтузиаст ұстаздар, өмірден алынған мысалдар. Оқыту құралдарының түрлері: материалдық және саналы (вербалды, материалданған). Химияны оқыту әдістемесінде оқыту құралдарын қолдану жағдайы.